**2004 жылғы 7 қыркүйекте Қазақстан әйелдерінің IV Форумында Қазақстан Республикасының Президенті қойған міндеттерді іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 13 желтоқсандағы N 363-ө Өкімі

2004 жылғы 7 қыркүйекте Қазақстан әйелдерінің IV Форумында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев қойған міндеттердің іске асырылуын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған 2004 жылғы 7 қыркүйекте Қазақстан әйелдерінің IV Форумында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев қойған міндеттерді іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынысты және есеп беретін орталық атқарушы және мемлекеттік органдар (келісім бойынша), өзге де мүдделі ұйымдар (келісім бойынша), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері Жоспарда көзделген іс-шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етсін және жыл сайын ағымдағы жылдың 20 қаңтарынан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссияға (келісім бойынша ) Жоспар іс-шараларының орындалуы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия (келісім бойынша) жыл сайын ағымдағы жылдың 30 қаңтарынан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспарда көздемеген іс-шаралардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне жүктелсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2004 жылғы 13 желтоқсандағы
N 363-ө өкімімен бекітілген

**2004 жылғы 7 қыркүйекте Қазақстан әйелдерінің IV Форумында Қазақстан Республикасының Президенті қойған міндеттерді іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары**

Ескерту. Жоспарға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.02.09. N 95 , 2007.02.16. N 117 қаулыларымен.

| Р/с N | Іс-шара | Аяқтау нысаны | Орындалуы үшін жауаптылар | Орындау мерзімдері |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | Әйелдерді саяси тұрғында жоғарылату | | |
| 1. | Қазақстан Республикасындағы Гендерлік теңдіктің 2005-2015 жылдарға арналған стратегиясын әзірлеу | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ОӘІҮК(келісім бойынша), Еңбекмині, ДСМ, Әділетмині, ІІМ, ЭБЖМ, БҒМ, ХАҰ және ҮЕҰ (келісім бойынша), АҚҰО (келісім бойынша) | 2005 жылғы ақпан |
| 2. | Отбасының, әйелдердің және балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудың қолда бар институционалды тетігін жетілдіру мақсатында қазіргі болмысты ескере отырып, Ұлттық комиссия мүшелерін алмастыруды жүргізу | Қазақстан Республикасы Президентінің өкімі | ОӘІҮК (келісім бойынша) | 2004 жылғы желтоқсан |
| 3. | Шешімдер қабылдау деңгейінде әйелдердің өкілдік етуін кеңейту жөнінде шаралар қабылдау | Ұсыныстар мен ұсынымдар | ҚРҮ ОӘІҮК (келісім бойынша), облыстардың және Астана, Алматы қалаларының әкімдері мен олардың жанындағы отбасы және әйелдер | жыл сайын 20 қаңтарға дейін |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | істері жөніндегі комиссиялар | |
| 4. | Заңнаманың орындалуын және отбасының әйелдер мен балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау саласындағы құқықтық тетіктердің жетілдірілуін қоғамдық бақылаудың тиімді жүйесін құру | Ұсыныстар, ұсынымдар мен қорытындылар | ОӘІҰК (келісім бойынша), АҚҰО (келісім бойынша), ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия және ҮЕҰ (келісім бойынша), облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері және олардың жанындағы отбасы және әйелдер істері жөніндегі комиссиялар | жыл сайын 20 қаңтарға дейін |
| 5. | "Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары және тең мүмкіндіктері туралы" ҚР Парламентінің "Отбасы" депутаттар тобының дайындаған заң жобасын талқылауға қатысу | Заң жобасын әзірлеушілерге ұсыныстар мен ұсынымдар | ОӘІҰК (келісім бойынша), ХАҰ және ҮЕҰ (келісім бойынша) | Заң жобасын әзірлеу кезеңіне |
| 6. | Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың құрылымында әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі бөлімшені ұйымдастыру туралы мәселені пысықтау | Үкіметке ұсыныстар | АҚҰО (келісім бойынша) | 2004 жылғы желтоқсан |
| 7. | Әйелдерді жетекшілік етудің, жылжудың, олардың заңды құқық- | Семинарлар, тренингтер, конферен- | ОӘІҰК (келісім бойынша), ХАҰ және ҮЕҰ (келі- | тұрақты |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | тары мен мүдделерін қорғаудың жаңа технологияларына оқытуды ұйымдастыру | циялар | сім бойынша), облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері мен олардың жанындағы отбасы және әйелдер істері жөніндегі комиссиялар | |
| 8. | Мемлекеттік органдардың үкіметтік емес ұйымдармен (ҮЕҰ) отбасының, әйелдер мен балалардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау мәселелері жөніндегі ынтымақтастығын нығайту | Конференциялар, семинарлар және тренингтер | Мемлекеттік басқару органдары, ОӘІҰК (келісім бойынша), ХАҰ және ҮБҰ (келісім бойынша), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері мен олардың жанындағы отбасы және әйелдер істері жөніндегі комиссиялар | тұрақты |
| 9. | Қоғамдық санада әйелдер мен ерлердің қоғамдағы және мемлекетті басқарудағы іс жүзіндегі теңдігінің қажеттілігі туралы ұғымды қалыптастыру бойынша мақсатты ағартушылық науқандарын жүзеге асыру жөнінде тұрақты жұмыс жүргізу | Конференциялар, семинарлар, ұсынымдар, бұқаралық ақпарат құралдарында сөз сөйлеу, театрлар мен киноның репертуарлары | МАСМ, ОӘІҰК (келісім бойынша), облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері мен олардың жанындағы отбасы және әйелдер істері жөніндегі комиссиялар, ҮЕҰ (келісім бойынша), БАҚ пен мәдени мекеме- | тұрақты |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | лердің жеке ұйымдары (келісім бойынша) | |
| 10. | Отбасылардың, әйелдер мен балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға қатысты заңнаманы, халықаралық және республикалық құжаттардың ережелерін іске асыру мәселелерін бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жария ету | Газеттер мен журналдарда теле және радио хабарларда жарияланымдар | МАСМ, ОӘІҰК (келісім бойынша), отбасы және әйелдер істері жөніндегі облыстық, қалалық және аудандық комиссиялар ҮЕҰ (келісім бойынша) | тұрақты |
| 11. | Отбасы мен некенің оң бейнесін, отбасылық және адамгершілік құндылықтарды мектептерде, жоғары оқу орындарында және колледждерде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы насихаттау | Газеттер мен журналдарда, теле және радио хабарларда жарияланымдар, театрлар мен кино репертуарлары, жаңа оқулықтар | МАСМ, БҒМ, ОӘІҰК (келісім бойынша), отбасы және әйелдер істері жөніндегі облыстық, қалалық және аудандық комиссиялар | тұрақты |
| 12. | "Тіршілік қызметі қауіпсіздігінің негіздері" бағдарламасының мазмұнына сараптама жүргізу және өмірдің әр түрлі қатерлерімен, оның ішінде өзінің барлық көріністеріндегі терроризм мен байланысты экстремальдық жағдайларда балалардың қауіпсіздігі мәселелерін енгізе | Ұсыныстар, ұсынымдар | БҒМ, ДСМ, Қорғанысмині, ІІМ, Еңбекмині және ТЖМ | 2005 ж. IV тоқсан |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | отырып, бағдарламаның жаңа жобасын әзірлеу | | | |
| 13. | Қазақстан Республикасында әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі іс-қимылдардың ұлттық жоспарының іске асырылу барысын талдау | ҚР Президенті Әкімшілігі мен ҚР Үкіметіне ақпарат | ОӘІҰК (келісім бойынша), министрліктер, ведомстволар, облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері және олардың жанындағы отбасы және әйелдер істері жөніндегі комиссиялар | 2005 ж. III тоқсан |
| | **Әйелдерді экономикалық тұрғыда жоғарылату** | | | |
| 14. | ҚР Еңбек кодексін әзірлеуге белсенді түрде қатысу, мұнда еңбек және жұмыспен қамту саласында әйелдерді кемсітуге жол бермеу жөніндегі ұсыныстарды, жүкті әйелдерге әлеуметтік жәрдемақылар, бала туу мен оны күтуге байланысты арнайы жәрдемақылар беру бөлігінде толықтыруларды көздеу | Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі | Еңбекмині, ОӘІҰК (келісім бойынша) | ҚР Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2004 жылға арналған жоспарына сәйкес |
| 15. | Экономикалық белсенді халықтың жұмыспен қамтылуының гендерлік аспектісін зерттеуді жүргізу, әйелдер ара- | ОӘІҰК-ге ақпарат (келісім бойынша) | Еңбекмині | жыл сайын 20 қаңтарға дейін |

сындағы жұмыссыздықты
азайту жөнінде ұсыныс
әзірлеу

16. Қазақстан экономика- ОӘІҰК-ге Еңбекмині, БҒМ жыл сайын
сына арналған маман- ақпарат 20 қаңтар-
дарға қажеттілікті (келісім ға дейін
гендерлік аспектіні бойынша)
есепке ала отырып
болжалды есепті
жүзеге асыру

17. "Қазақстан әйелдері "Қазақстан СА, ОӘІҰК (ке- жыл сайын
мен ерлері" жыл әйелдері мен лісім бойынша)
сайынғы гендерлік ерлері" ста-
статистикалық жинақты тистикалық
дайындау кезінде жинағы,
әйелдің ұлттық жалпы "Қазақстан
өнімге қосқан үлесін Республикасы-
ескеру, әлеуметтік- ның әлеумет-
экономикалық дамуды тік-экономи-
талдауды гендерлік калық дамуы"
аспектіні ескере туралы баян-
отырып жүргізу дама, сарап-
тамалық ма-
териалдар

18. Экономиканы дамыту ОӘІҰК-ге ИСМ жыл сайын
саласындағы мемле- ақпарат 20 қаңтар-
кеттік саясатты (келісім ға дейін
әзірлеу және іске бойынша)
асыру кезінде әйелдер
дәстүрлі еңбек ететін
экономиканың "жұмсақ"
деп аталатын салала-
рын дамыту бағдарла-
маларына ерекше
назар аудару

19. Гендерлік проблема- Ұсыныстар, Еңбекмині, ОӘІҰК жыл сайын
ларды шешуде әлеумет- ұсынымдар (келісім бойын- 20 қаңтар-

| | | | |
|---|---|---|---|
| тік әріптестік ролін одан әрі арттыруды қамтамасыз ету | | ша), ҮЕҰ (келісім бойынша) | ға дейін |
| 20. Кәмелетке толмаған балалары бар әйелдерді, көп балалы және жалғыз басты аналарды әлеуметтік қорғауды одан әрі жетілдіруді қамтамасыз ету | ҚР Үкіметіне ұсыныс | Еңбекмині, ОӘІҰК (келісім бойынша) | жыл сайын 20 қаңтарға дейін |
| 21. Елімізде жаңа өндірістерді дамыту жоспарларын әзірлеу кезінде қазіргі заманғы техникалық мамандықтарды игеруі үшін әйелдерге жағдайлар жасауды көздеу | ҚР Үкіметіне ұсыныс | ИСМ, ОӘІҰК (келісім бойынша) | жыл сайын 20 қаңтарға дейін |

Әйелдердің денсаулығын жақсарту

| | | | |
|---|---|---|---|
| 22. Әйелдер мен балаларға медициналық қызмет көрсетуге арналған жағдайларды жасау, ана мен бала өлімін азайту | ОӘІҰК-ге ақпарат (келісім бойынша) | ДСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері мен олардың жанындағы отбасы және әйелдер істері жөніндегі комиссиялар | жыл сайын 20 қаңтарға дейін |
| 23. Жүкті әйелдер мен балаларды тегін медициналық көмектің кепілді көлеміне қол жеткізуді қамтамасыз ету. Жүкті әйелдердің тамақтануын жақсарту жөнінде, сондай-ақ | ОӘІҰК-ге ақпарат (келісім бойынша) | ДСМ, БҒМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері мен олардың жанындағы отбасы және әйелдер | жыл сайын 20 қаңтарға дейін |

мектептердегі бала- істері жөніндегі
лардың тамақтануын комиссиялар
жақсарту жөнінде
шаралар қабылдау

24. Барлық облыстарда Бұйрықтар ДСМ, облыстар- тұрақты
емшек безінің қауіпті мен өкімдер дың, Астана
ісігін ерте анықтауға және Алматы
арналған іс-шаралар қалаларының
жүргізу әкімдері мен
олардың
жанындағы
отбасы және
әйелдер істері
жөніндегі
комиссиялар,
ОӘІҰК (келісім
бойынша)

---

Әйелдерге қатысты зорлық көріністеріне қарсы күрес

---

25. "Тұрмыстық зорлық ҚР Үкіметі- ІІМ, Әділетмині, 2007 ж.
туралы" заң жобасын нің қаулысы ОӘІҰК (келісім III-IV
әзірлеу және оны ҚР бойынша) тоқсан
Парламентіне қарауға
енгізу

26. "Қазақстан Республи- ҚР Үкіметі- Әділетмині, ІІМ, 2005 ж.
касының заң актіле- нің қаулысы БП (келісім бо- II тоқсан
ріне адам саудасына йынша), ОӘІҰК
қарсы іс-қимыл мәсе- (келісім бойын-
лелері бойынша өзге- ша), ХАҰ және
рістер мен толықтыру- ҮЕҰ (келісім
лар енгізу туралы" бойынша)
заң жобасын әзірлеу
және ҚР Парламентіне
қарауға енгізу

27. Зорлықтан зардап Қазақстанның Қазақстан Дағ- 2005 ж.
шеккен әйелдер мен Дағдарыс дарыс орталық- II тоқсан
балаларға арналған орталықтары тарының одағы
дағдарыс орталықтары одағы жалпы (келісім бойын-

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | туралы ереже әзірлеу | жиналысының шешімімен бекітілген ереже | ша), ІІМ, ОӘІҰК (келісім бойынша) | |
| 28. | Балаларға қатысты зорлыққа ықпал ететін себептер мен жағдайларға талдау жүргізу | ҚР Үкіметіне ұсыныс | ІІМ, БҒМ, БП (келісім бойынша), ОӘІҰК (келісім бойынша), ХАҰ және ҮЕҰ (келісім бойынша) | 2005 ж. желтоқсан |
| 29. | Зорлық құрбандарымен жұмыс істейтін құқық қорғау және сот органдарының, денсаулық сақтау ұйымдарының қызметкерлері үшін оқыту бағдарламасын әзірлеу | Семинарлар, тренингтер | ІІМ, ЖС (келісім бойынша), БП (келісім бойынша), ДСМ, ОӘІҰК (келісім бойынша), ХАҰ және ҮЕҰ (келісім бойынша) | тұрақты |

---

Ескерту. Әріптік аббревиатураларды ашып жазу:

ҚРҮ - Қазақстан Республикасының Үкіметі

ІІМ - Ішкі істер министрлігі

ДСМ - Денсаулық сақтау министрлігі

ИСМ - Индустрия және сауда министрлігі

МАСМ - Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі

БҒМ - Білім және ғылым министрлігі

Еңбекмині - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

ЭБЖМ - Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Әділетмині - Әділет министрлігі

АҚҰО - Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық

ОӘІҰК - Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия

СА - Статистика агенттігі

ХАҰ - Халықаралық ұйымдар

ҮЕҰ- Үкіметтік емес ұйымдар

ТЖМ - Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігі

ЖС - Жоғарғы Сот
БП - Бас прокуратура
ҚОРМ - Қорғанысмині

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК